



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

20.02.2024ж.

Шымкент қаласы

№ 06 Н/К

город Шымкент

### Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының қоғамдық-саяси ахуал және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізу, жастармен жұмыс жүргізу және отбасындағы құндылықтарды насихаттау бөлімдері осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені басқармасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының қоғамдық-саяси ахуал және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізу, жастармен жұмыс жүргізу және отбасындағы құндылықтарды насихаттау бөлімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы басшысының орынбасарларына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

Б. Өнербаев